

## **Мүгедектерді арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралар туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 11 шілде N 893. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.25. N 58 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы Заңында /Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 26, 345-бап/ және "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 Заң күші бар Жарлығында /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 45-бап/ көзделген республика мүгедектерін арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді жақсарту, сондай-ақ жеңілдіктер беру құрылымы мен тәртібін оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мүгедектерді арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі негізгі шаралардың жоспары бекітілсін.

2. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері жеңілдіктерді іске асыру және медициналық айғақтамалары бойынша мұқтаж мүгедектерді арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ осы мақсатқа арналған қаражаттың жұмсалуды бақылау жөнінде қосымша шаралар қабылдасын.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*орынбасары*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 11 шілдедегі  
N 893 қаулысымен  
бекітілген

**Мүгедектерді арнаулы жүріп-тұру құралдарымен  
қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шаралардың жоспары**

---

N р/с	Шаралардың атауы	Орындалу мерзімі	Орындалуға жауаптылар
1	2	3	4
	<p>1. "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында белгіленген жеңілдіктер мен кепілдіктердің жүріп-тұру кұралдарын беру бөлігінде сақта. луын қамтамасыз ету</p>	<p>ұдайы</p>	<p>Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, министрліктер мен ведомстволар</p>
	<p>2. Медициналық айғақтамалары бойынша арнаулы жүріп-тұру кұралдарымен қамтамасыз етуге мұқтаж мүгедектерді есепке алудың жай-күйіне талдау жасау және қолданыстағы заңдарға сәйкес оларға берілетін жеңілдіктерді жүзеге асыру жөнінде қосымша шаралар қолдану</p>	<p>1996 жыл бойына</p>	<p>Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері</p>
	<p>3. Мүгедектерді арнаулы жүріп-тұру кұралдарымен қамтамасыз ету туралы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 527 қаулысымен бекітілген тәртіпті Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдік беру тәртібімен сәйкес келтіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және енгізу</p>	<p>1996 жылғы қыркүйек</p>	<p>Әлеуметмині, Әділетмині, Қаржымині</p>
	<p>4. Мүгедектерді арнаулы жүріп-тұру кұралдарымен қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін лотореялар ұйымдастыру, заңды және жеке тұлғалардың демеушілік және қайырымдылық қаражат бөлу жөніндегі мүмкіндіктерін пайдалану</p>	<p>ұдайы</p>	<p>Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, Әлеуметмині, Қаржымині</p>
	<p>5. Республикада арнаулы автокөлік пен орындық бесік-арба құрастыру және шығару</p>	<p>1996-1997 жылдары</p>	<p>Көліккоммині, Әлеуметмині,</p>

үшін өндірістік қуаттар құру, мүгедектер техникасын өндірушілерге осы мақсаттар үшін орын мен жекешелендірілетін объектілерді таңдауда басым құқық беруді қолдану

6. Мүгедектердің арнаулы автокөлігіне 1996 жыл Көліккоммині, сервистік және техникалық қызмет көрсе. бойына Әлеуметмині туді, оны босалқы бөлшектермен қамтама. сыз етуді, пайдаланылу мерзімі біткен, бірақ одан әрі пайдалануға жарамды автотехниканы кейіннен қайта бөлу үшін жөндеуді ұйымдастыруды қарастыру

7. Жеткізілетін мүгедектер техникасының ұдайы Әлеуметмині сапасын, мүгедектер үшін арнаулы автокө. ліктің сервистік және сату алдындағы дайындалуын қамтамасыз ету

8. Жеткізушілерді конкурстық негізде ұдайы Облыстар мен анықтау, мүгедектер техникасын сатып алуға Алматы қаласы. жұмсалатын шығынды азайту үшін басқа да ның әкімдері, мүмкіндіктерді пайдалану Қаржымині, Әлеуметмині

9. Азаматтарды арнаулы автокөлікті ұдайы Ішкіісмині жүргізу құқығына оқытуға және аттестат. тауға қойылатын талаптарды күшейту, тиісінше сақталуына бақылауды, жолкөлік оқиғаларының алдын алуды қамтамасыз ету